

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА ЕСЕП ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

ОРАЗОВА АЛМАГҮЛ ЖЕТКИЗГЕНОВНА
Бастауыш сынып мұғалімі

**Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Оңдасынов атындағы
№ 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ**

Ақтау– 2025

КІРІСПЕ

Әдістемелік авторлық бағдарлама жалпы мақсаты:

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі - оқушы шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашып, оны тұлғалық тұғырға көтеру. Оқушыларды сын тұрғысынан ойланту арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тұлғаның шығармашылық қабілеті мен қызығушылығын жетілдіру, бала бойындағы дарындылықты жас ерекшелігін ескере отырып анықтау, шығармашылық жұмыстар жасату арқылы дарындылықтың талантқа айналуына күш салу.

Әдістемелік авторлық бағдарлама міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан- жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми- зерттеу дағдыларын қалыптастыру.
- Шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.
- Өзін- өзі тану баланы жолдастары арасында өзін сыйлата білуге, өзін- өзі жетілдіріп басқадан үлгі алуға, қоршаған орта жағдайында өзін- өзі бағып алуына, өз бетінше бір шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.
- Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғыштары болып табылады.
- Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай- ақ рухани жан дүниесі бай, жан- жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу- осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Күтілетін нәтижелер:

- Егер де оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін қолданса, шығармашылық тапсырмалар орындағанда оқушылар өз ойын ашық, қысылмай жеткізе алады, өз ойын дәлелдеуге тырысады, өзінің жасаған әрекетінің дұрыстығын қорғай алады;
- Оқушылардың ойшапшаңдығы, сөз байлығы молайып, қиялы дами түседі;
- Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруы;
- Практикалық дағдыларды игеруін арттыруы;
- Оқушылардың математикаға деген қызығушылығының, ынтасының артуы;
- Оқушылардың мектептік, қалалық сайыстарға белсене қатысуға деген құштарлықтарының дамуы;
- Әр түрлі оқулардан жүлделі орын алуы;
- Білім сапасының жоғарлауы;
- Жасампаз және өнерпаз тұлғаның қалыптасуы;
- Еңбекті бағалай білетін тұлға.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА ЕСЕП ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ

Оқу жылы бойында математикадан әр алуан тапсырмалар орындалып келді. Олардың қайсысының болмасын өзіне тән белгілері бар. Тіпті біреуінің ұқсастығын ескеріп топтауға да болады, содан әрі топтың өзіндік мәнді белгілерінің тағайындалуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда оқулықтар беріліп отырған тапсырмаларды үш топқа бөлген жөн. Олар: жаттығулар, мысалдар, есептер. Осы сөздерді және сәйкес ұғымдарды орынды пайдалану, жалпы алғанда, сауаттылықтың және математикалық, мәдениеттіліктің көрнісі деп түсінген жөн.

Атап айтқанда, оқушының сөздік қорында мынадай сөз-ң болуы тиіс; есеп, есептің шарты, есептің сұрағы, есептің шешуі, есептің жауабы, бір амалмен шығарылатын есеп, кері есеп, өзара кері есептер. Ал басқадай әдістемелік тұрғыдағы сөздерді әрі білу, айту, қолдану оқушылардан талап етілмейді, мәселен есептің түрге бөлінуі (қалдықты және қосындыны табуға берілген бірнеше бірлікке артық немесе кем санды табумен байланысты, айырмалық салыстыруға берілген), жай есеп және т.б.

Жалпы алғанда, қосындыны және қалдықты табумен байланысты есептер өзара кері есептердің мысалдары бола алмайды. Мұндай есептері сәйкес амалдарды анықтаудың негізіне алынатын сөздер қарама- қарсы ұғымды білдіреді, мәселен келді- кетті, алды- берді, ұшып келді-ұшып кетті, болды- болады және т.б

Қазіргі білім беру жүйесі әлемдік өркениеттің барлық талабына сай келетін, парасатты, білім мен біліктілігі жетілген мамандар дайындауды қажет етеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау екендігі айтылған. Сонымен қатар мемлекеттік білім беру саласындағы саясаттың тұжырымдамасы, Қазақстан мектептерінде математикадан білім берудің мемлекеттік стандартына жеке тұлғаның шығармашылық, танымдық қабілетін дамыту, біліктілігі жоғары білімді мамандарды даярлауды көздейді.

Осы орайда орта мектепте математиканы оқытудың білімдер жүйесімен және ол білімдерді сапалы түрде қолдана алудың іскерліктері мен дағдыларын берік қалыптастыру болып табылатынын ескерсек, бастауыш мектепте математикалық мәдениетін, сауаттылығын көтеруді мақсат етеді. Мұндай мақсаттарға жетуде сыныптан тыс жұмыстар да үлкен роль атқарады.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектепте шындалады. Ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы.

Болашақ Қазақстан мектебі ұлтқа, оның мүддесіне қызмет етуі керек. Олай деуге негіз, бір халықтың болашағы мен ертеңін екінші бір ұлт ойлауы да, дамытуы да мүмкін емес. Солай екен, қазақ балалары өз ата-бабасының өткен тарихын, тілін, салт-дәстүрі мен мәдениетін, жерін қастерлей білуге тәрбиеленіп, өсіп жетілуі қажет.

Елімізде экономикалық парасатты, денсаулығы мықты азаматын тәрбиелеу ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы мерейлі міндеті. Жас ұрпаққа білім тәрбие беретін бала жанының бағбаны мұғалімдер ары таза, адал, әдепті, ұстамды, төзімді; екіншіден, мұғалімнің ой-өрісі кең, өз мамандығына сай, өз ойын оқушы шәкіртіне анық, дәл айтып түсіндіре білуі; үшіншіден, мұғалім өз оқушыларына беделді, әрдайым оқушылармен әдептілік қарым-қатынаста болуы қажет; төртіншіден, мұғалім теорияны өмірмен байланыстырып, өзі беретін сабағына кеңінен пайдалануы қажет; бесіншіден, мұғалім үнемі өз бетімен ізденіп, педагогикалық әдістеме жаңалықтарымен танысып, өзінің ой-өрісін кеңейтіп отыруы қажет.

Математика мұғалімінің негізгі алға қоятын мақсаты – бастапқы математикалық түсініктер, олардың өзара байланысы, математикалық заңдылықтар, аксиомалар, математика әдістерінің өзімізді қоршаған өмірден, оның заттарынан абстракциялау арқылы құбылыстарын жалпылау арқылы алынатынын көрсете білу.

Курстық жұмысымның мақсаты – оқушылардың біліміскерлік дағды, сапасын арттыру. Осындай білім алу нәтижесінде оқушылардың ақыл-ойын дамыту. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, яғни эстетикалық тәрбие беру. Қарапайым есептерді шешуде өмірлік-парктикада пәнді оқып үйренуге пайдалана білу және шәкірттердің өз бетінше білім алуын қамтамасыз ету.